

«Бекітемін»
Мектеп директоры
уақытша атқарушы

Кабдрахманова С
«__» ____ 2024 ж

«Келісілді»
Директордың ОІЖ орынбасары

Байманова Ж

«28» майы 2024 ж

«Қаралды»
ӘБ отырысы

Исенғалиева А

«28» майы 2024 ж

Хаттама №1 «__»__

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен
күнтізбелік-тақырыптық жоспар»
Сыныптар: 10 “А”, Ә. “Б” 11 “А”, “Ә”

2024–2025 оқу жылы

АӘЖТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Берекетов М

**Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы
(жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы)**

Түсінік хат

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (ары қарай – КТЖ) 10,11 сыныптың Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне арналған.
2. КТЖ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) 2-тарауының 4-қосымшасы 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына және 2022 жылғы 16 қыркүйектегі “Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ” №399 бұйрығының (21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 127-қосымшасына сәйкес әзірленді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады: теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдармен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі; практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың бойында әскери іс, робототехника және IT-технология негіздері туралы көзқарасты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету және әскери іс негіздері, әскери ант және әскери жарғылар мазмұнына қойылатын талаптар бойынша білім туралы түсінікті қалыптастыруды; өмірлік маңызы бар дағдылары мен қасиеттерін дамытуға ықпал етуді; теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нық игерулері арқылы оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындауды; бойында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінікті қалыптастыруды; жастардың бойында азаматтық көзқарас, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділікті, әскери қызметке деген жауапкершілікке саналы тұрғыдан дайын болуды қалыптастыруды; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, оның дәстүрлері, әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктері, жалпы әскери мамандыққа деген қызығушылықты дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрілігінің 2024 жылдың 02 шілдесіндегі №01-1/449-И, 6304-В хатында көрсетілгендей Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (2024 жылғы 10 маусымдағы № 2 хаттама) әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып, биылғы 2024-2025 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрағандықтан ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашасындағы №500 бұйрығының (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) 21-30, 85-90, 105, 106-қосымшаларында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы енгізілген толықтырулар мен өзгерістер № 264 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні 10-11-сыныптарда аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағатты және 10-сыныптарда оқу-далалық жиыны 30 сағатты құрайды.

4.КТЖ 2022 жылғы 16 қыркүйектегі “Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ” №399 бұйрығының 127-қосымшасына сәйкес тоқсандағы бөлімдер және бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарымен жасалды.

5. Сабақ кестесіне байланысты тоқсандық сағаттар санында өзгерістер болған жағдайда КТЖ-да «Ескерту» бөлімінде түсіндірме жазба қалдырылады.

6. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша 10-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен сәйкес жүргізіледі. Үлгілік оқу бағдарламаларына (жаңартылған мазмұнның және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес 10-11-сыныптарда оқытылатын «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша «есептелінді» («есептелінген жок») деген белгі жазылады.

7. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

- 1) теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;
- 2) практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Практикалық сабақ басталғанға дейін білім алушылар негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқаулықтан өтеді.

7. ҚР білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін төменде көрсетілген заңдарды басшылыққа аламын:

1)«Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген);

2)«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;

10-сыныпта төмендегі бөлімдер қамтылады:

Кіріспе сабақ (1сағат)

1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі – 3 сағат.

2-бөлім. ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 3 сағат.

3-бөлім. Тактикалық дайындық – 1 сағат.

4-бөлім. Атыс дайындығы – 4 сағат.

5-бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат.

6-бөлім. Әскери топография – 2 сағат.

7-бөлім. Әскери роботты техникалардың негіздері – 6 сағат.

8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері – 12 сағат.

10-сыныпта тіршілік қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс- шаралармен танысады.

8.10-сыныпта оқушылардың практикалық іскерліктері мен дағдыларын дамыту, сонымен қатар әскери істерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру мақсатында оқу жылының соңында әскери бөлімдердің базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылықтарының келісімі бойынша) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында жас жігіттермен 30 сағат көлемінде бес күндік далалық (лагерь) оқу-жаттығу жиындары өткізіледі.

Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (ұлдарға арналған). 10-сынып.

Бөлімдер:

1. «Тактикалық дайындық».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары».
4. «Саптық дайындық».
5. «Әскери топография».

9. 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны қамтиды:

Бөлімдер:

1. «Әскери қызметтің құқықтық негіздері».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Саптық дайындық».
4. «Технологиялық дайындық».
5. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері».

10. 10-11-сыныптарда «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен бекітілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенмен жүргізіледі.

10-сыныпта:	Авторы	Жылы	Баспа
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық + CD. 1-бөлім. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық. 2-бөлім. Оқу-далалық (лагерьлік)	А. Рыспаев, Е. Адельбаев, Н. Асиров, А. Рихтер, А. Ерекешев, А. Усербаев, Ж. Саткулов,	2019	Келешек-2030

жиындар	С. Куптилеуова		
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық. 1-бөлім. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық. 2-бөлім. Далалық-оқу жиыны	А. Тасбулатов, Д. Майхиев	2019	Мектеп
11-сыныпта:			
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық +CD. 1-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум. 2-бөлім	А. Рихтер, В. Яковенко	2020	Келешек-2030
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық. 11-сынып.	А. Тасбулатов, В. Лим, А. Гудков, Д. Майхиев, Е. Әкімбаев	2020	Мектеп

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

АӘЖТД пәні 10 сынып

Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

№	Бөлім/Ауыспалы тақырыптар	Сабақтардың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан						
1	Кіріспе	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны.	Оқушыларға алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мақсатын, міндетін, мазмұнын, сабақтағы білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтып, түсіндіру.	1	3.09.24	
2	1.Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	1.1.Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері.	10.1.1.1.Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерінің маңыздылығын түсіндіру.	1	10.09.24	
3	1.Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	1.2.Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері.	10.1.2.1. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары және әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы мен міндеттерін ұғындырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.	1	17.09.24	

4	1.Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	1.3.Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері.	10.1.3.1. Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары мен қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептері туралы түсіндіру.	1	24.09.24	
5	5.Саптық дайындық	5.1.Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс	10.5.1.1. Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Реттел!», «Токтат!», «Бас киімдеріңді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдеріңді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындауды үйрету.	1	1.10.24	
6	5.Саптық дайындық	5.2.Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалу	10.5.2.1. Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты жасауға үйрету.	1	8.10.24	
	2.Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	2.1.ҚР Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары.	10.2.1.1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым	1	15.10.24	

			қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы мен әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері, әскери атақ және айыру белгілерімен таныстырып, әскери патриоттық рухта тәрбиелеу.			
8	2.Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	2.2.Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары.	10.2.2.1. Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі мен бұйрық, оны беру және орындау тәртібі, бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасауды үйрету.	1	22.10.24	
9	2.Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	2.3.Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы.	10.2.3.1. Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері мен сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері, сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтып, беру.	1	5.11.24	
2 тоқсан						
10	3.Тактикалық дайындық	3.1.Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері.	10.3.1.1. Бөлімшені ұйымдастыру, штаттық қарулану және ұрыстық техника мен бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтып, таныстыру.	1	12.11.24	
11	4.Атыс дайындығы	4.1.Калашников автоматы және қол пулеметі.	10.4.1.1. Қару және патрондарды қолдану	1	19.11.24	

			кезіндегі қауіпсіздік шаралары, калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмін ұғындыру.			
12	4.Атыс дайындығы	4.2.Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау.	10.4.2.1. Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтауға; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысын білуге үйрету.	1	26.11.24	
13	4.Атыс дайындығы	4.3.Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау.	10.4.3.1. Автоматтың керек жарақтары, автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі, автоматты сақтау, автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау және ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдарына үйрету.	1	3.12.24	
14	4.Атыс дайындығы	4.4.Жарықшақты қол гранаталары.	10.4.4.1. Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті, гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы, гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы және гранатаны лақтыруға дайындауды қамтып, үйрету.	1	10.12.24	

15	6.Әскери топография	6.1.Жергілікті жерде картасыз бағдарлау.	10.6.1.1. Бағдарлау туралы түсінік және компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтап, өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды үйрету.	1	17.12.24	
16	6.Әскери топография	6.2.Магнитті азимутты анықтау.	10.6.2.1. Азимут және оны анықтау мен жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары, Спутниктік-23навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтып, анықтау жолдарын үйрету: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.	1	24.12.24	
3 тоқсан						
17	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.1.Әскери роботты техникалардың негіздері.	10.7.1.1. Оқушыларға Роботтар туралы жалпы мәліметтер беру.	1	14.01.25	
18	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.1.Әскери роботты техникалардың негіздері.	10.7.1.2. Роботтар туралы жалпы мәліметтер мен роботтарды әскери істе пайдалану туралы мәліметтер беру.	1	21.01.25	
19	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.2.Роботтарды басқару алгоритмі.	10.7.2.1. Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлауды үйрету.	1	28.01.25	
20	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.2.Роботтарды басқару алгоритмі.	10.7.2.2. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдеріне үйрету	1	4.02.25	

21	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.3.Роботтарға арналған тапсырмалар.	10.7.3.1. Роботтардың атқара алатын қызметтері туралы түсінік беру.	1	11.02.25	
22	7.Әскери роботты техникалардың негіздері	7.3.Роботтарға арналған тапсырмалар.	10.7.3.2. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерді бағдарлау, роботтың төтенше жағдайлардағы іс-әрекеті туралы мәліметтер беру.	1	18.02.25	
23	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.1.Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы.	10.8.1.1. Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындары) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері, азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдыкталуы туралы мәліметтер беру.	1	25.02.25	
24	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.2.Ядролық қару және оның сипаттамасы.	10.8.2.1. Ядролық қару және оның сипаттамасы, ядролық жарылыс түрлері, ядролық жарылыстың зақымдау факторлары және олардан қорғану әдістері, нейтронды оқ-дәрілердің зақымдау ерекшеліктері туралы түсінік беру.	1	4.03.25	
25	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.3.Химиялық қару.	10.8.3.1. Химиялық қару және оны қолдану белгілері, улы заттар, оның зақымдау қасиеттері және одан қорғану әдістерінің қысқаша сипаттамасы туралы, химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және	1	11.03.25	


			екінші аумақтары туралы мәліметтер беру.			
26	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.4.Биологиялық (бактериологиялық) қару.	10.8.4.1. Биологиялық (бактериологиялық) қару және оның зақымдау әсері мен қолдану белгілері, бактериялық құралдар, олардың зақымдау әсері мен одан қорғану құралдарына қысқаша сипаттама беру, бактериологиялық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы, бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар, карантин және обсервация туралы түсінік беру.	1	18.03.25	
4-тоқсан						
27	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.5.Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары.	10.8.5.1. Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы, сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу, газтұмылдырықты алып жүру мен қолдану ережелері, зақымдалған адамға кигізу әдістері, жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану, тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары туралы мәліметтер беру.	1	1.04.25	

28	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.6.Теріні қорғаудың жеке құралдары.	10.8.6.1. Теріні қорғайтын қарапайым құралдар, герметизациялау және арнайы майды сіндіру арқылы оның қосымша қорғану қасиеттерін арттыру жолдары мен арнайы киім үлгісінің атқаратын қызметімен (Л-1 жеңіл қорғау киімі, сүзгілік қорғау қасиеті бар киім, жалпы әскери қорғану киімі) және оларды қолдану тәртібімен таныстыру.	1	8.04.25	
29	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.7.Ұжымдық қорғану құралдары.	10.8.7.1. Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы мен қарапайым таса туралы түсінік беру.	1	15.04.25	
30	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.8.Эвакуациялау және халықты шоғырландыру.	10.8.8.1. Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі мен эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарактары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібімен таныстыру.	1	22.04.25	

31	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.9.Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі.	10.8.9.1. Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігін атап көрсету.	1	29.04.25	
32	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.10.Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері.	10.8.10.1. Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысулары туралы түсінік беру.	1	6.05.25	
33	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.11.Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.	10.8.11.1. Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы көмек. Асептика және антисептика пайдалануды үйрету.	1	13.05.25	
34	8.Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	8.12.Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.	10.8.12.1. Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып	1	20.05.25	

			кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күйу және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шараларын қамтып, алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету.			
--	--	--	--	--	--	--

АӘЖТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



М.Берекетов

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық курсын оқытудың
апталық (орта мерзімді) жоспары 2024-2025 оқу жылы
10 - СЫНЫП**

[illegible]

Далалық оқу жиынының жоспары 10-сынып

№	Бөлімдердің, тақырыптардың атауы	Сағат саны	Мерзімі
1	Тактикалық дайындық	14	
1.1	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы	2	12.05.25
1.2	Бөлімшенің ұрыстық (жауынгерлік) және жорықтық тәртібі	1	12.05.25
1.3	Жеке қорғану құралдарын қолдануға жаттығу	2	12.05.25
1.4	Сарбаздың ұрыстағы әрекеті	1	12.05.25
1.5	Қорғаныстағы сарбаз	3	13.05.25
1.6	Шабуылдағы сарбаз	3	13.05.25
1.7	Бакылаушы сарбаз	1	14.05.25
1.8	Шолушы сарбаз	1	14.05.25
2	Атыс дайындығы	6	
2.1	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және қайта құрастыру	1	14.05.25
2.2	Атуға ыңғайлану жаттығулары (АК-74)	1	14.05.25
2.3	Қол гранаталарын лақтыру	2	14.05.25
2.4	Пневматикалық мылтықтан ату	2	15.05.25

3	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	4	
3.1	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) әскери қызметшілерін орналастыру, олардың өмірі мен тұрмысы	1	15.05.25
3.2	Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері	1	15.05.25
3.3	Сақшының міндеттері	1	15.05.25
3.4	Бекеттегі сақшының міндеттері мен әрекеттері	1	15.05.25
4	Саптық дайындық	4	
4.1	Әскери сәлемдесу	1	16.05.25
4.2	Саптан шығу және сапқа қайта тұру	1	16.05.25
4.3	Қарумен орындалатын саптық тәсілдер	1	16.05.25
4.4	Бөлімшені сапқа тұрғызу	1	16.05.25
5	6-тарау. Әскери топография	2	
5.1	Азимут бойынша қозғалыс	2	16.05.25
6	БАРЛЫҒЫ	30	

АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



М.Берекетов

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

АӘЖТД пәні 11 сынып

Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

№	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтардың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1 тоқсан						
1	1.Әскери қызметтің құқықтық негіздері	1.1.Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі	11.1.1.1.Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдармен таныстыру.	1	2.09.24	
2	1.Әскери қызметтің құқықтық негіздері	1.2.Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау	11.1.2.1.Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Әскери қызмет (баламалы, келісімшарт бойынша), запаста болу туралы түсінік беру.	1	9.09.24	
3	1.Әскери қызметтің құқықтық негіздері	1.3.Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері	11.1.3.1.Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны. Әскери қызмет мерзімі. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері туралы ұғындыру.	1	16.09.24	
4	2.Атыс дайындығы	2.1.Ату негіздері	11.2.1.1.Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура	1	23.09.24	

			атудың практикалық маңызы туралы түсінік беру.			
5	2.Атыс дайындығы	2.2.Ату ережесі	11.2.2.1.Арақашықтықты мындық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері туралы мәліметтер беру.	1	30.09.24	
6	2.Атыс дайындығы	2.2.Ату ережесі	11.2.2.2.Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындауды үйрету.	1	7.10.24	
7	3.Саптық дайындық	3.1.Саптық тәсілдер және қозғалыс	11.3.1.1.Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Қозғалыста орындалатын саптық тәсілдерді үйрету.	1	14.10.24	
8	3.Саптық дайындық	3.2.Бөлімшені сапка тұрғызу	11.3.2.1.Бөлімшенің кеңейтілген сапка тұруы. Бөлімшені жорықтық сапка тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындауды үйрету.	1	21.10.24	
9	4.Технологиялық дайындық	4.1.Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері	11.4..1.1.Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны туралы түсінік беру.	1	4.11.24	
2 тоқсан						
10	4.Технологиялық дайындық	4.2.Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері	11.4.2.1.Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған	1	11.11.24	

			негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары туралы мәліметтер беру.			
11	4.Технологиялық дайындық	4.3.Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары	11.4.3.1.Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қоюды үйрету.	1	18.11.24	
12	4.Технологиялық дайындық	4.4.Жол белгілері	11.4.4.1.Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салу белгілері туралы түсінік беру.	1	25.11.24	
13	4.Технологиялық дайындық	4.4.Жол белгілері	11.4.4.2.Алдын ала жазылатын белгілер. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері туралы атап көрсету.	1	2.12.24	
14	4.Технологиялық дайындық	4.4.Жол белгілері	11.4.4.3.Сервис белгілері. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар) туралы түсінік беру.	1	9.12.24	
15	4.Технологиялық дайындық	4.5.Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	11.4.5.1.Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-	1	23.12.24	16.12.24

			әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелерді үйрету.			
16	4.Технологиялық дайындық	4.6.Қозғалыс жылдамдығы	11.4.6.1.Қозғалыс жылдамдығы. Басып озу, алда кездескен жол айрығы. Аялдама және тұрақ. Қиылыстардан өту. Жаяу жүргіншілер өтпелері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары туралы түсінік беру.	1	23.12.24	
3 тоқсан						
17	4.Технологиялық дайындық	4.7.Әртүрлі жағдайдағы қозғалыс	11.4.7.1.Теміржол жолдары арқылы қозғалыс. Автомагистральдар бойынша қозғалыс. Тұрғын аймақтардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы. Сыртқы жарық құралдарын және дыбыс сигналдарын пайдалану туралы қамту.	1	13.01.25	

18	4.Технологиялық дайындық	4.8.Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау	11.4.8.1.Механикалық көлік құралдарын тіркеп сүйреу. Оқу жүргізулері. Жолаушыларды тасымалдау. Жүктерді тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбалардың (шаналардың) қозғалысына, сондай-ақ жануарларды жолдан айдап өтуге қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз етуді қамту туралы түсінік беру.	1	20.01.25	
19	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.1.Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу	11.5.1.1.Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі туралы түсіндіру	1	27.01.25	
20	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.2.Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі	11.5.2.1.Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар туралы түсінік беру	1	3.02.25	
21	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.2.Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі	11.5.2.2.Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер етуін талқылау.	1	10.02.25	
22	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.3.Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	11.5.3.1.Электрлік және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен компьютерді	1	17.02.25	

			пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтер беру.			
23	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.4.Техногендік сипаттағы қауіптілік	11.5.4.1.Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары туралы түсінік беру.	1	24.02.25	
24	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.4.Техногендік сипаттағы қауіптілік	11.5.4.2.Жарылыстық-өрт қауіпі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар туралы түсіндіру.	1	03.03.25	
25	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.5.Экологиялық қауіпсіздік	11.5.5.1.Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы туралы мәліметтер беру.	1	17.03.25	10.03.25
26	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.6.Табиғи жағдайда автономды өмір сүру	11.5.6.1.Табиғи жағдайда автономды өмір сүру-ерікті және мәжбүрлі автономия. Өмір сүру тәсілдері туралы атап өту.	1	17.03.25	
4 тоқсан						
27	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.6.Табиғи жағдайда автономды өмір сүру	11.5.6.2.Қажетті авариялық қор туралы түсінік беру.	1	07.04.25	
28	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.7.Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері	11.5.7.1.Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік туралы қамту.	1	14.04.25	

29	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.7.Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері	11.5.7.2.Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік туралы түсінік беру.	1	21.04.25	
30	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.8.Террористік акт қауіп кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	11.5.8.1.Жарылыс қауіп пайда болған жағдайдағы тәртіп ережелері. Кепілдікке алынған жағдайдағы іс-әрекетті үйрету.	1	28.04.25	
31	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.9.Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері	11.5.9.1.Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қол жетімді Wi-fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері туралы мәліметтер беру..	1	5.05.25	
32	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.10.Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету	11.5.10.1.Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдану ошақтарынан эвакуациялау тәртібі туралы ұғындыру..	1	12.05.25	
33	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.11.Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу	11.5.11.1.Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу. Уланудың негізгі түрлері. Уланудың жалпы алгоритмі. Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндег	1	19.05.29	

			і көмек туралы түсінік беру.			
34	5.Өмір қауіпсіздігінің негіздері	5.12.Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету	11.5.12.1.Автомобильдегі дәрі қобдишасында болатын дәрілік препараттардың тізбесі мен мақсаты. Өртүрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері. Жүрек қызметі мен тыныс алудың кенеттен тоқтаған кездегі алғашқы көмек көрсетуді үйрету.	1	19.05.25	

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

 М.Берекетов

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық курсын оқытудың
апталық (орта мерзімді) жоспары 2024-2025 оқу жылы
11- СЫНЫП

[illegible]